

"Орал-Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" және "Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын Атырау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 маусым N 739.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.30. N 1792 қаулысымен. ~P001792

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Атырау облысы әкімінің "Орал-Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" және "Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын (бұдан әрі - Кәсіпорындар) Атырау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Кәсіпорындарды республикалық меншіктен Атырау облысының коммуналдық меншігіне беруді заң талаптарына сәйкес қамтамасыз етсін.

3. Атырау облысының әкімі Кәсіпорындарды белгіленген тәртіппен

мемлекеттік қайта тіркеуді қамтамасыз етсін және осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

4. "Республикалық кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790

P960790_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Республикалық кәсіпорындардың тізбесінде: реттік нөмірі 44 және 44а жолдары алынып тасталсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.
Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК